

«Қазақстан Республикасындағы діни жағдай» пәнінен БӨЖ

тақырыптары және тапсыру кестесі

Тапсырманың атауы	Тапсырманың қысқаша мазмұны	Өткізу түрі	Тапсыру мерзімі апталар
Діни әралуандықтың Қазақстан қоғамындағы орны мен маңызы. Эссе- талдау жазу	Қазақстан қоғамындағы діндер және олардың орны мен маңызы туралы эссе-талдау жазу.	Жазбаша және ауызша	3
Қазақстандағы протестанттық бірлестіктердің миссионерлік қызметі (1 діни бірлестік туралы сараптама жасау, таңдау бойынша)	Қазақстандағы протестанттық бірлестіктердің миссионерлік қызметі туралы сараптама жасау. (1 діни бірлестік туралы, таңдау бойынша)	Шығармашылық ізденіс. Ауызша баяндау	7
Қазіргі Қазақстандағы дін мен мемлекеттік қатынастар (екі автордың мақаласына салыстырмалы талдау жазу)	Қазақстандағы дін мен мемлекеттік қатынастар туралы екі автордың мақаласына салыстырмалы талдау жазу.	Салыстырмалы талдау. Жазбаша	9
Дерадикализация шарттары, диагностика.	Дерадикализация шарттары, диагностика. негізгі түсініктердің діни философиялық мәнін ашу Сабдин А. «Радикалсыздандырудың теологиялық нарративтері» еңбегі бойынша.	Жоспар құру, презентация жасау, ауызша қорғау	12
Дерадикализация іс-шаралары.	Дерадикализация іс-шаралары. Сабдин А. «Радикалсыздандырудың теологиялық нарративтері» еңбегі бойынша..	Ауызша баяндама	14

Әдебиет: негізгі

1. Дінтану. Энциклопедиялық сөздік. 2 томдық, Алматы. Қазақ университеті. 2018
 2. Дінтану. Оқу құралы / әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [құраст. Н. Ж. Байтенова].- Алматы: Қазақ ун-ті, 2019.- 355
 3. Бурова Е. Косиченко А. Қазақстан Республикасындағы діни ахуалды дамытудың өзекті мәселелері. Алматы, 201. 135 б.
- <https://issuu.com/92722/docs/fc474fee7f552f>.

4. *Затов Қ.А. Мажиев Г.Ж.* Қазақстан Республикасындағы мемлекет-конфессиональдық қатынастар. Оқу құралы. Алматы. 2019. 220 б.
5. Қазақстандағы діндер. Алматы. Қазақ университеті. 2023.
6. Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер. Н.Ж.Байтенова, Б.Б.Мейрбаев, А.Д. Құрманалиева, Б.Қ. Бесенов, Қ. М. Борбасова, Қ.А. Затов, Ш.С. Рысбекова, С.У. Абжалов. Алматы: Қазақ университеті, 2023. -336 б.
7. Интернет- кеңістігіндегі дін және жастар. Ұжымдық монография. Алматы: Қазақ университеті. 2021.-146 б.

Қосымша:

1. Жастар және қазақстандағы дәстүрлі емес діни ұйымдар. Жастар саясатын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдарға ҰСЫНЫС . Астана. 2009. 43 б.
2. Сабдин А. Радикалсыздандырудың теологиялық нарративтері. Әдістемелік құралы. Алматы. 2020. 468 бет
3. Жолдыбайұлы Қ. Дін мен діл. Алматы. 2010. 288бет;
- 4.Джалилов З.Г. Ислам и общество в современном Казахстане. Алматы «Драйк - Пресс», 2006. 187 с.
5. Косиченко А.Г. Возможности религии в снижении уровня вызовов и угроз современности: философско-политологический анализ / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 200 с.
6. Сатершинов Б.М. Ислам фобиясы және стереотиптер. Алматы. 2014. – 151б.<https://nabrk.kz/FileStore/dataFiles/d4/41/1172129/content/full.pdf?time=1737010403050&key=1bd0f3e654480558d1ad2121819733bf&isPortal=true>
- 7.Религиозные конверсии в постсекулярном обществе (опыт феноменологической реконструкции). Коллективная монография. Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2014. – 200 с.

Мақалалар:

1. Құлсариева, А. Т., Қазақстан Республикасындағы қазақ тілді БАҚ-ғы діни жағдайды сипаттаудағы негізі бағыттар / Құлсариева, А. Т. Сихымбаева, Д. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы = Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. - 2012. - № 2(39). - 60-63 б.. - Библиогр.: с. ISSN 1563-0307.
 2. Молдабеков, Ж. Ж., Қазақстандағы ислам дінінің идеологиялық өрісі / Молдабеков, Ж. Ж. Тұрғанбеков, С. К. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы = Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. - 2012. - № 2(39). - 64-68 б.. - Библиогр.: с. ISSN 1563-0307.
 3. Омарова, Г. С., Қазақ ишандары мен діни қайраткерлердің қазақ жерінде ислам құндылықтарын қалыптастырудағы қызметі / Омарова, Г. С. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы = Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. - 2012. - № 2(39). - 48-51 б.. - Библиогр.: с. ISSN 1563-0307.
 4. Құрманалиева, А. Д., Қазақстан Республикасындағы дінаралық келісім мәдениеті / Құрманалиева, А. Д. Бағашаров, К. // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы = Вестник КазНУ им. Аль-Фараби. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. - 2012. - № 2(39). - 30-32 б.. - Библиогр.: с. ISSN 1563-0307.
- 5.

Интернет-ресурстар

1. <https://jirbis.kaznu.kz/jirbis2/>
2. <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/1119943>
3. <http://religiocivilis.ru/hristianstvo/christ-a/1735-antropologija-religioznaja>
4. <https://antropogenez.ru/term/99/>
5. <http://e.lib.vlsu.ru/bitstream/123456789/670>

Студенттің өзіндік жұмысын орындауға әдістемелік нұсқаулар

Ғылыми әдебиеттермен жұмыс

Кітаппен жұмыс істеу кезінде әдебиетті таңдап, оны дұрыс оқып, жазба жүргізуді үйрену қажет. Кітапханада әдебиеттерді таңдау үшін алфавиттік және жүйелі каталогтар қолданылады. Кітаппен жұмыс істеудің тиімді дағдылары уақытты үнемдеуге және өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін есте сақтау керек.

Қандай оқулықтарды таңдау керектігін дәріскер ұсынады. Қажетті әдебиеттер осы курс бойынша әдістемелік нұсқауларда да көрсетілуі мүмкін.

Оқулықтармен және кітаптармен өз бетінше жұмыс істеу (сонымен қатар дәрістерде көтерілген мәселелерді өз бетінше теориялық зерттеу) – танымның ғылыми тәсілін қалыптастырудың маңызды шарты.

Әдебиеттермен жұмыс істеу тәсілдері:

- танысу керек әдебиеттердің тізімін құру және ол туралы оқытушымен ақылдасу;
- тізім жүйеленген болуы қажет (қайсысы семинарға, қайсысы емтиханға, қайсысы курстық, дипломдық жұмыстарға т.б. қажет екендігін анықтап алу);
- қандай кітаптарды мұқият оқып, ал қандай кітаптарды тек қарап шығу керек екенін анықтау керек;
- оқыған кітаптардағы маңызды ақпараттарды конспектілеу т.б.

Реферат жазу

Бұл студенттің өзіндік жұмысының басқа түрлеріне қарағанда көлемді, аудиториялық сабақтарда оқылатын негізгі тақырыпты толықтыратын және дамытатын ақпаратты қамтитын жұмыс болып табылады.

"Реферат" сөзі (латын тілінен – *referre* – баяндау, хабарлау) ақпаратты сыни шолу негізінде қандай да бір мәселенің немесе тақырыптың мазмұнын ауызша немесе жазбаша түрде қысқаша баяндауды білдіреді. Рефератты дайындау барысында мына ережелер басшылыққа алынуы тиіс:

- реферат идеясы мен міндетін анықтау;
- тақырыпты немесе мәселені анық және нақты тұжырымдау. Ол тым жалпылама болмауы керек;
- таңдалған тақырып бойынша қажетті әдебиеттерді табу. Міндетті түрде оқылуы тиіс әдебиеттер тізімін құру;
- рефератты кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі деп бөлімдерге бөлу қажет.

Рефераттарды жазудың мақсаты: студенттердің әдебиетпен өз бетінше жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, оларды талдау және сараптай алуы

Эссе жазу

Эссенің тақырыбы пәнді оқыту саласының заманауи мәселелерін қозғаушы, өзекті тақырып болуы тиіс. Студент мәселенің мәнін ашып, өзге көзқарастарды көрсетіп қана

қоймай, оған өз көзқарасын да білдіруі керек. Жұмыстың бұл түрі студенттен өз ойын жазбаша түрде, сондай-ақ логикалық пайымдаулар арқылы анық білдіруді, өз көзқарасын анық білдіруді талап етеді. Студенттің міндеттері:

- тапсырманы мұқият оқып, тақырыптың өзектілігін ғана емес, мазмұны бойынша ерекше және қызықты жақтарын көрсету;
 - тақырып бойынша ақпарат көздерін таңдау және зерттеу;
 - негізгі және қосымша әдебиеттерді бөлу;
 - эссенің жоспарын құру;
 - мәселенің мазмұнын және оны шешу жолдарын қысқа, бірақ толық ашу;
- эссені белгіленген уақытта тапсыру